



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ

Шойбекова Айым Сламғалиқызы

aiymshoibekova@mail.ru

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

тарих факультеті оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші - К. Искакова

«Өзгеге жамандық тілеу – өзіңе жамандық жасау,
себебі, басқалармен қосылып барлығымыз бір адамзат баласымыз.
Адам баласы үшін ең қиыны рухани тыныштық жағдайына жету,
оған біз санамен де, байлықпен де жете алмаймыз,
тек ілім мен білім жолына түсу арқылы ғана
адам баласы толыққанды рухани кемелдікке жете алмақ»
Ә.Бөкейханов.

XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен биік мақсаттары – бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге. Олар біз үшін халық алдындағы адалдықтың, рухани кемелдіктің, ұлтжандылықтың үлгісі іспетті. Ұлт зиялылары өздерінің ойлау қабілеттерін, саналарын, ақылдарын – игілікке, ізгі мақсаттарға жұмсаған көпке пайдалы істерге бағыттаған, ұлттық мәдениетті алға бастырып, руханиятқа өзіндік үлес қосуға қолданған, жаңашыл, жасампаз жандар.

Ұлт — қоғамды ұйымдастырудың анағұрлым кең тараған бірлігі. Негізінде, XX-XXI ғасырлар ғаламдық деңгейдегі саяси ұйымдасудың негізгі бірлігі болып табылатын ұлттық мемлекетке сәйкес келуі керек. Ұлт мемлекетті қажетті заңдылықпен қамтамасыз етеді және тек ұлттық мемлекеттер халықаралық қатынастардың толыққанды субъектілері ретінде өмір сүре алады деген пікір қалыптасқан [1]. «Зиялы» деген термин қазақшаланған араб сөзі. Л.Рүстемовтың сөздігінде бұл сөздің түбірі «зийа» - араб тілінде нұрлы, сәулелі деген ұғымды білдіретіндігі жазылған. XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары араб сөзіне «лы» жалғауын қосу арқылы өз ана тіліне икемдеп қолдана бастады. Сөз ауқымын кеңейтіп, мағынасын тереңдетіп, парасатты, ақыл, нұр шашқан, таза, мөлдір, шам-шырақтай жарқыраған, жарығы күшті білім иесі ұғымдарының синонимі етіп, ұлттық сипат берді. Бұл термин өзге түркі тілдерінде жоқ таза қазақ сөзі болып табылады [2, 16 б.], сондықтан «зиялы» сөзі «интеллигенция» ұғымынан биік, ерекше құрметті сөз. Ұлт зиялылары ұлттық мүдде үшін жан аямай күресіп, еңбек етті. Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған ұлт зиялыларының ең басты сіңірген еңбегі – бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысып, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды. Бұл қиын күрес, күрделі тартыстар мен ізденістер жолы еді. Ұлттық идеяны іске асырып, өз алдымызға мемлекет болу үшін, ұлт тәуелсіз болу үшін еңбек етіп, халықты өнерді үйренуге, білім алуға ғылымды игеруге шақырды. Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Өнерді бұрын иеленген жұрт, кешірек қалған жұртты алып жейтін аңым, тамағым деп білді» [3, 268 б.]. Сондықтан, қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға

шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді. Қазақ тілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында ғана емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А.Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды. «Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде А.Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге, орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін де атап өтеді.

Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен жер-жерлерде облыстық, уездік халық ағарту мекемелері құрылып, істің мамандары жұмысқа келді. 1921 жылы 18-25 қаңтарда Орынборда болып өткен халық ағарту қызметкерлерінің бүкіл Қазақстандық бірінші конференциясы Ахмет Байтұрсыновтың баяндамасы бойынша Азамат соғысында тоз-тозы шығып қираған оқу орындарын қалпына келтіру, мүмкіндігінше көбірек мектептер мен курстар ұйымдастырып, балалар мен ересектердің сауатын ашу, жан-жаққа тентіреп кеткен мұғалімдерді оқу-ағарту жұмысына қайтадан жұмылдыру сияқты бірінші кезекте атқарылатын шараларды белгіледі [4, 32 б.].

1921 жылы 21 ақпанда Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің төралқасы А.Байтұрсыновтың баяндамасын тыңдап, Халық Ағарту халық комиссариатын екпінді комиссариат деп жариялап, республикадағы барлық мекемелероқу орындарына жан-жақты көмек көрсетуге міндеттелді. Қазақ мәдениетіне қатысты барлық мәселелерді шешу Қазақ АКСР-нің халық ағарту комиссариатына (кейде Оқу халкоматы деп аталды) тапсырылды. 1921 жылы 9 тамызда республика Халық Комиссарлар Кеңесі Халық ағарту халкоматының қызметі жөніндегі Ережені бекітті. Осы Ережеде Оқу халкоматына «Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, басқару, халық ағарту және денсаулық қорғаусалалары бойынша Қырғыз (Қазақ) республикасына қажетті мамандарды даярлау ісіне жалпы басшылық жасау» тапсырылды. Бұл дегеніңіз қазақтың ұлттық шығармашылық интеллигенциясын даярлау ісін республиканың Халық ағарту халкоматының құзырына берілуін заңдастыру болып табылады. Шын мәнінде, 1920-1930 жылдары Қазақтың шығармашылық интеллигенциясын қалыптастыру мәселесінің барлық ұйымдастырушылық, қаржылық жұмыстарымен айналысқан бірден-бір халкомат (бүгінгі сөзбен айтқанда - министрлік) болды.

Республиканың халық ағарту халкоматының ұсынуымен 1921 жылы 26 шілдеде Қазақ АКСР-і ОАК қазақтардың сауатын ашу жұмысына 16-50 жас аралығындағы барлық сауатты қазақтарды мобилизациялау туралы қаулы шығарды [2, 46-47 бб.]. осы қаулы бойынша төңкеріске дейін және төңкеріс жылдары медресе, 1-2 сыныптың бастауыш мектебі, тіпті өз бетімен сауатын ашқан адамдардан бастап жоғарғы оқу орындарын бітіргендердің бәрі міндетті түрде оқу жұмысына жұмылдырылды.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша заңдары көшпелі халықтың құқығына нұқсан келтірді, мұның наразылық туғызғаны табиғи нәрсе. Өз халқының ежелгі өз жеріндегі қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған олар патша өкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты. Олардың көпшілігі арнаулы заң даярлығынан өткендер еді, бұл олардың халық бұқарасының құқықтық білімін кеңейтуіне, олардың құқықтық білімін байытуы мен терендетуіне мүмкіндік берді. Қазақ халқының білім алуға деген өскелең қажеттері патша үкіметін Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верный да және басқа қалаларда бірқатар оқу орындарын ашуға мәжбүр етті, оларда қазақтар оқып, бастауыш және орта мектеп көлемінде білім алды. Патша өкіметі «бұратаналарды» орта және жоғары оқу орындарында оқуға

рұқсат етуге мәжбүр болды. Қазақ жастары Қазан, Томск, Санк-Петербург, Мәскеу, т.б. университеттерінде, техникалық және медициналық жоғары оқу орындарында білім алды. Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялыларының тамаша шоқ жұлдызы XX ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқын отаршылдық бұғауынан азат, өркениетті, дербес және тәуелсіз жағдайда көруді армандады. Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды. Қазақ зиялылары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насихаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын құдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды.

Ұлт зиялылары үшін Білім мен ғылым ұлт ретінде жойылып кетпеудің амалы болды. Сондықтан да «білім көшінен артта қалған халық өзгелерге тәуелді болады» деген А.Байтұрсынов сынды көсемдерінің ұлағатты өсиетін жадына ұстаған қазақтың саналы перзенттері білім мен ғылымға үлкен талпыныс жасады. Оқуға, білімге шақыру тек сауаттылықты ашу ғана емес, сонымен бірге өнер мен ғылымды игер деген ұлағатпен қатар насихатталды. Білім мен ғылымды қазақ зиялылары ұлт санасын оятудың жолы әрі мақсаты деп білді. Ұлттық идеяны жүзеге асыруға білім-ғылым қажет болды. Ал Ұлттық идея – кез келген халықтың биік мақсаттары мен олардың жетістіктерін адамдардың санасында бейнелейтін ұғым. Ол халықтың түбегейлі мүдделерін көрсетеді. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея. Сондықтан, Қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге білім мен ғылымды игеру арқылы болатындығына әлеуметті сендірді.

Жиыrmасыншы жылдардың екінші жартысында Қазақстанда арнаулы орта және жоғары білімді ұлттық мамандарға деген сұраныс өте күшейді. Ал бұл тұста қазақ халқының жаппай сауатсыздығын жою міндеті республикадағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатын. «Сауатсыздықты жою – ең керекті іс» - деп жазды 1924 жылы Сәкен Сейфуллин. Қазақстандағы жүз адамның тоқсан жеті адамы хат білмейтін елдің еш уақытта қандай ісі болса да алға басқан емес, әм бұл қалыппен тұрса ешбір ісі алға баспайды. сондықтан халық ағарту ісі мен ұлттық интеллигенция даярлау ісі қатар жүргізілді.

Қазақтың алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ пединституты 1926 жылы Ташкентте ашылған болатын. Казпедвуздың алғашқы ректоры болып САГУ-дің соңғы курс студенті Темірбек Жүргенов тағайындалды. 1928-1933 жылдар аралығында Қазақ пединституты (1928 жылы), Алматы зооветинституты (1929 жылы), Қазақ ауылшаруашылық институты (1930 жылы), Алматы медицина институты (1931 жылы), орал пединституты (1932 жылы) ашылды. Ұлттық шығармашылық интеллигенция осы кезден бастап Қазақстанның өз ішінде дайындала бастады.

1927 жылы 11 желтоқсанда БК(б)П Қазөлкекомының хатшылығы Халық ағарту халкоматының жанындағы Ғылыми-әдістемелік кеңестің құрамын бекітті. Республикалық ғылымның дамуына қатысты барлық мәселелердің үйлестірушісі болған осы Кеңеске Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Телжан Шонанов, Молдағали Жолдыбаев, Мұхтар Мұрзин, Әбдірахман Байділдин сынды қайраткерлер мүше болып белгіленді.

1928 жылдың аяғында құрылған Қазақ университеті жоғары білім ошағы болуымен қатар ғылым ордасы да болды. КазГУ-дің ректоры Санжар Асфендияровтың қолы қойылған, 1928 жылдың 5 желтоқсанында жазылған «КазГУ жанындағы ғылыми-зерттеу ассоциациясының жұмысы» атты құжатта осы ғылыми ұйымның құрылысы – өлкетану, тарих, әдеби-лингвистика, биология т.б. секциялар және қызметінің негізгі бағыттары – Қазақстанның тарихын, этнографиясын, мәдениетін, экономикасы мен өндіргіш күштерін зерттеу, экспедициялар жасақтау, ғылыми қызметкерлер дайындау, олардың біліктілігін жетілдіру арқылы Қазақ КСР-інде ғылыми-зерттеу жұмысының берік іргетасы қаланады.

Қазақстандағы тұңғыш медициналық жоғарғы оқу орны – Алматыдағы мединститутты ұйымдастырушысы әрі оның алғашқы ректоры (1930-1931) Санжар Аспандияров республиканың Денсаулық сақтау халық комиссары қызметін қоса атқарды (1931-1933 жылдар). 1931 жылы маусымда мединституттың ректоры болып Есенғали Қасаболатов тағайындалды. Санжар Асфендияров атындағы қазақ мединститутының мұрағатындағы Есенғали Қасаболатов қол қойған құжаттарда ғылымға қатысты деректер кездеседі. Мединститутқа ол ассистент ретінде қабылданып, аспирант, кафедра меңгерушісі, доцент болып та қызмет атқарды. 1932 жылы 22 ақпанда Есенғали Қасаболатовтың бұйрығымен институтта медициналық терминология комиссиясы құрылды, бірталай жаңа кафедралар, зертханалар ашылды [2, 115 б.].

Қазақ зиялылары қазақ халқының көзін ашу, сауатсыздықты жою ісіне бар күштерін жұмылдырды. Алаш оқығандарының ауыл еңбекшілерінің көзін ашып, оқу-білімге тартып, ел ішіндегі дарын иелерін қолдап-көмектесу ісінде атқарған еңбектері елеулі болды.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дәрігерлер, саясатшылар, судьялар, ақын-жазушылар болатын, бұл кезең қазақтың жан-жақты білімді азаматтары — Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқаларының қалыптасуымен ерекшеленді. М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, т.б. алаш азаматтары ғылыми зерттеулермен айналысты. Қазақстан ғылымының қаулап дамуы Кеңес өкіметі жылдарында болғанын теріске шығаруға болмайды, бірақ оның іргетасын нақ XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының талантты жас өкілдері қалаған еді.

«Артта қалған халық қашан да озат ұлттарға тәуелді болады, сондықтан қазақ жастары елін теңдікке жеткізу үшін арымай-талмай білім алулары керек» [2, 112 б.]– деп, Ахмет Байтұрсынов атамыз айтқандай, ұлттың жанашырлары, ұлт болашақтары терең, жан-жақты білім алып, Алаш зиялыларының идеясын, білімін кеңінен ашу, тың деректер мен жаңалықтарды паш ету қазақ жастарының еншісінде. Алаштанушы М.Қ.Қозыбаев та: «Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық. Онда зиялы қауым кім, ол қай заманда жеке тап болып, топ болып қалыптасты, қандай кезеңдерді басынан кешірді, қазақ зиялыларының өркениетке қосқан үлесі қандай? – деген сияқты келелі сауалдарға жауап беруіміз керек. Бұл үшін зиялы қауым тарихымен айналысар жас албырт буын тарихшылар тәрбиелеуіміз керек» - деген [5, 14 б.]. Сондықтан біліммен сусындаған қазақ ұлтының жастары Алаш жұртын әлемге танытуды ұлы борыштары деп білсе абзал.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010. Б. 59
2. Дүкенбаева З.О. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұлт зиялылары: Оқу құралы. — Павлодар: ПМПИ, 2014. 240 б.
3. Рыскулов Т. Собрание сочинений в трех томах. Том 3. – Алматы: Казахстан, 1998. 44 б.
4. Өуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алма-Ата: Ғылым, 1988. 368 б.
5. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. Арыстар тұғыры. (Екінші кітап). – Алматы: Ғылым, 1998. 280 б.
6. Садықұлы Т. Тарих тағылымы. / Астана: Мастер По ЖШС, 2014. 140 б. Б. 42 .